

## Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 353 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 142 қаулысымен, оған 1-тармағын, 2-тармағының 2) тармақшасын және 3-тармағын қоспағанда.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 26.03.2019 № 142 қаулысымен, оған 1-тармағын, 2-тармағының 2) тармақшасын және 3-тармағын қоспағанда.**

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 мамырдағы № 253 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті құрылсын.

2. Қоса беріліп отырган:

1) Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже );

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

3. Мыналар:

1) "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі болып;

2) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің аумақтық органдары – республикалық мемлекеттік мекемелері;

3) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес республикалық занды тұлғалар қайта аталсын.

4. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі осы қаулының 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген республикалық занды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық жөніндегі уәкілдегі орган болып айқындалсын.

5. Осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен занды тұлғалар акцияларының мемлекеттік пакеттерін (қатысу үlestерін) иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне берсін.

6. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртішпен осы қаулыдан туындастын өзге де шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулы 2017 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін Ереженің 16-тармағының 167) тармақшасын және 17-тармағының 26) тармақшасын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы 16 маусымдағы  
№ 353 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі туралы ереже

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) балаларды деңсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау, байланыс, ақпараттандыру, "электрондық үкімет", ақпарат және мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты дамыту салаларында (бұдан әрі – реттелетін салалар) басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 16.10.2018 № 641 ("Балаларды деңсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы" ҚР Заңы қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

1) Ақпарат комитеті;

2) Министрліктің Телекоммуникациялар комитеті.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.11.2017 № 773 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртәнбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Министрліктің, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілдегі берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тараҧы болуға құқығы бар.

7. Министрлік өз күзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртішпен Министрлік басшысының бүйірімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Министрліктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 14-кіреberіс.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.11.2017 № 773 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Министрліктің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Министрліктің күрылтай күжаты болып табылады.
12. Министрліктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.
13. Министрлікке көсіпкерлік субъектілерімен Министрліктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.  
Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Министрліктің миссиясы, негізгі мақсаты, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Министрліктің миссиясы:

реттелетін салаларда тиімді мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ бірынғай ақпараттық кеңістікті және байланыс инфрақұрылымын дамыту мен тұрақты жұмыс істеуін әрі қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

15. Міндеттері:

- 1) балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау, ақпараттандыру, ақпарат, байланыс, электрондық күжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;
- 2) пошта және байланыс саласында мемлекеттік бақылауды, үйлестіруді жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында пошта саласындағы қызметті және байланыс саласында қызмет көрсететін немесе оларды қолданатын тұлғалардың қызметтің реттеу;
- 3) телерадио хабарларын тарату және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;
- 4) ақпараттандыру және "электрондық үкімет" саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;
- 5) өз құзыреті шегінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;
- 6) Қазақстан Республикасының бірынғай ақпараттық кеңістігін және байланыс инфрақұрылымын қалыптастыруды, дамытуды және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, сондай-ақ ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау, бұқаралық ақпарат құралдары және ақпараттандыру саласындағы халықаралық ынтымақтастық;
- 8) мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясына) басшылықты жүзеге асыру;
- 9) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жоғарылату кезінде гендерлік тенгерімді сақтау;
- 9-1) мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;
- 10) өз құзыреті шегінде Министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Үкіметінің 23.02.2018 № 79; 16.10.2018 № 641 ("Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы" КР Заңы қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

16. Орталық аппараттың функциялары:

- 1) реттелетін салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;
- 2) ойын бизнесі саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесін қоспағанда, біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілді органмен келісу және оларды бекіту;
- 3) ойын бизнесі саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесін қоспағанда, біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерді кепісу;
- 4) реттелетін салалардағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде терроризмге қарсы іс-кимылды жүзеге асыру;
- 6) реттелетін салаларда нормативтік құқықтық актілерді өз құзыреті шегінде әзірлеу, келісу және бекіту;
- 7) реттелетін салаларда салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

- 8) соттарға Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес талап-арыздар беру;
- 9) өз құзыреті шегінде жеке кәсіпкерлердің мудделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына, зан жобаларының тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының жобаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болуга ниеттегенін халықаралық шарттарға сараптама жүргізуге қатысуға үміткер жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін аккредиттеуді жүзеге асыру;
- 10) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңестің құрамын бекіту;
- 11) реттелетін салаларда кадрлар қажеттілігін айқындау;
- 12) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерін бекіту;
- 13) шет мемлекеттермен және (немесе) халықаралық ұйымдармен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу;
- 14) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік акциялар пакетіне (жарғылық капиталдағы қатысу үлесіне) иелік ету және пайдалану құқығын, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыру;
- 15) журналистерді аккредиттеу қағидаларын бекіту;
- 16) тарихи және (немесе) мәдени күндылығы бар жазбаларды сақтау тәртібін айқындау;
- 17) өз құзыреті шегінде телерадио хабарларын тарату саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік техникалық актілерді, оның ішінде телерадио хабарларын тарату қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту;
- 18) ұлттық телерадио хабарларын тарату операторының қызметін еркін қолжетімді теле-, радиоарналарын таратуды қаржылай қамтамасыз ету белгінде үйлестіру (цифров әфирлік және спутниктік телерадио хабарларын тарату, сондай-ақ ұқсас телерадио хабарларын тарату арқылы);
- 19) өз құзыреті шегінде телерадио хабарларын тарату саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік техникалық актілерді, оның ішінде телерадио хабарларын тарату жүйесін техникалық пайдалану қағидаларын, телерадио хабарларын тарату сапасына бақылау жүргізу қағидаларын, теле-, радиокомпаниялардың техникалық құралдарын телерадио хабарларын тарату операторларының жөлдеріне қосу қағидаларын бекіту;
- 20) міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидаларын бекіту;
- 21) міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру және бекіту бойынша конкурстар ұйымдастыру және өткізу;
- 22) телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру және бекіту бойынша конкурстар ұйымдастыру және өткізу;
- 23) телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидаларын бекіту;
- 24) телерадио хабарларын тарату мақсаттари үшін жиілік белдеулерін, радиожиілікті (радиожиілік арналарын) бөлу қағидаларын бекіту;
- 25) телерадио хабарларын тарату мақсаты үшін жиіліктердің белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) бөлу бойынша конкурстар ұйымдастыру және өткізу;
- 26) телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту және оның құрамына ұсыныс енгізу;
- 27) бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту;
- 28) мерзімді баспасез басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастыру қағидаларын бекіту;
- 29) есепке қою үшін өтініштер берген шетелдік теле-, радиоарналардың өнімін Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес келу тұрғысынан сараптама жүргізу қағидаларын бекіту;
- 30) телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық өлшемдерін және телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық өлшемдерін өлшеу әдістемесін бекіту;
- 31) міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін бекіту;
- 32) ұлттық оператор тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін бекіту;

- 32-1) бюджеттік жоспарлау саласындағы үәкілетті органмен келісім бойынша республикалық бюджет есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттың саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту;
- 32-2) республикалық деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру тәртібін бекіту;
- 32-3) бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі үәкілетті тұлға (бөлімшпе) туралы үлгілік ережені бекіту;
- 32-4) бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі үәкілетті тұлғаның (бөлімшенің) үәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту;
- 32-5) белгілі бір аумақта халықтың тіршілік ету жағдайлары бұзылған кезде бұқаралық ақпарат құралдарына ресми хабарларды беру қағидаларын бекіту;
- 32-6) цифровық әфирлік телерадио хабарларын таратуға көшу тәртібі мен мерзімдерін айқындау;
- 32-7) ақпараттық өнімге жас сыныштамасын беру қағидалары мен әдістемесін бекіту;
- 32-8) жас санаты белгісіне қойылатын талаптарды бекіту;
- 33) байланыс желілерін салу, пайдалану және дамыту мәселелері жөнінде шешімдер қабылдау кезінде жеке және заңды тұлғалардың ұлттық қауіпсіздікті сақтау талаптарын бекіту;
- 34) алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін колданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 35) Қазақстан Республикасы радио қызметтері арасында барлық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдарға арналған 3 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі жиіліктер ауқымында жиіліктер белдеуін бөлу кестесін бекіту;
- 36) күзетілетін аймақтар мен олардағы жұмыс режимін белгілеу тәртібін қоса алғанда, Қазақстан Республикасындағы телекоммуникация желілерін күзету қағидаларын бекіту;
- 37) жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азamatтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларын бекіту;
- 38) трафикті өткізу және өзара есеп айырысу тәртібін қоса алғанда, телекоммуникация желілерінің қосылу және өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту;
- 39) өз құзыреті шегінде байланыс саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде радиоэлектрондық құралдарды, жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу қағидаларын және байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту;
- 40) радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдарын пайдалану қағидаларын бекіту;
- 41) нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алыш қою тәртібін айқындау;
- 42) ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілерінің басым байланыс операторлары үшін телекоммуникацияның басқа желілерін қосу қызметтерін көрсетудін, сондай-ақ желілердің өзара іс-қимылы және трафикті өткізу бойынша осыған байланысты міндеттемелердің талаптарын айқындастын қосылу шартының үлгі нысанын бекіту;
- 43) радиоэлектрондық құралды немесе жоғары жиілікті құрылғыны пайдалануға арналған рұқсатты алыш қою тәртібін белгілеу;
- 44) алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін колданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 45) көпарналы хабар таратуда таратылуына байланысты міндетті теле-, радиоарналардың санын айқындау ;
- 46) мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қоғамдық мониторинг қорытындысын ескере отырып, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау;
- 47) телекоммуникация желілері мен құралдарының техникалық үйлесімділігін қамтамасыз ететін нормаларды, байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштерін, тарифтеу бірліктері мөлшерлерін бекіту;
- 48) алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін колданысқа енгізіледі) қаулысымен.

- 49) Қазақстан Республикасының байланыс әкімшілігі ретінде өз құзыреті шегінде халықаралық байланыс одақтары мен үйымдарында Қазақстан Республикасының мудделерін білдіру және қорғау;
- 50) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін колданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 51) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін колданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 52) пошта байланысының қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту;
- 53) байланыс саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарын және етініш берушінің сәйкестігін раставтын құжаттар тізбесін бекіту;
- 54) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін колданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 55) телекоммуникация желілерін жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісіне қосу және Қазақстан Республикасының жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісі бойынша трафикті өткізу ді реттеу қағидаларын бекіту;
- 56) Халықаралық электр байланыс одағының Радиобайланыс регламентіне сәйкес Қазақстан Республикасының Радиожиіліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының ұсынымдары негізінде радиожиілік спектрін перспективалы пайдаланудың жоспарларын бекіту;
- 57) ауылдық елді мекендерде көрсетілетін, субсидияланатын байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтеріне бағалардың шекті деңгейін реттеу тәртібін және байланыс саласындағы табиғи монополия аясындағы көрсетілетін қызметтерге тарифтерді, сондай-ақ байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектілері өндіретін және өткіzetін көрсетілетін қызметтерге бағаларды реттеу тәртібін айқындау;
- 58) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін колданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 59) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін колданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 60) Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өкілеттіктер шегінде әрекет етеді, басқа мемлекеттермен, халықаралық одақтармен және халықаралық үйымдармен өзара іс-қимыл кезінде Қазақстанның пошта байланысы саласындағы мудделерін білдіру және қорғау;
- 61) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 04.06.2018 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін колданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 62) арнаулы пошта байланысы қызметі қызметкерлерінің нысанды киімінің және Ұлттық пошта операторы жұмыскерлерінің нысанды киімінің (погонсыз) үлгілерін, оны киіп журу қағидаларын, онымен қамтамасыз ету нормаларын бекіту;
- 63) радиожиілік спектрін жоспарлау пайдалану;
- 64) адресаттардың абонементтік жәшігін пайдалану тәртібін айқындау;
- 65) тағайындалған пошта операторын тағайындау;
- 66) ұлттық пошта операторын айқындау;
- 67) пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін және филателиялық өнімді шығару, өткізу қағидаларын бекітү;
- 68) Қазақстан Республикасында пошта индекстерін беру жөніндегі қағидаларды бекіту;
- 69) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасында пошта қызметін жетілдіруге және дамытуға бағытталған пошта саласындағы нормативтік құқықтық актілерді өзірлеу және бекіту және олардың іске асрылуын үйімдестеру;
- 70) ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу бойынша жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу мақсатында пошта байланысы желілері мен қуралдарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының пошта желілерінде жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу ді апараттық-бағдарламалық және техникалық қуралдарын енгізу және пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту;
- 71) операторды тағайындау және тағайындалған оператордың өкілеттіктерін көрі қайтарып алу қағидаларын бекіту;

- 72) операторды тағайындау және тағайындалған оператордың өкілеттіктерін көрі қайтарып алу;
- 73) пошта операторларының атаулы құрылғыларды қолдану қагидаларын бекіту;
- 74) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 75) электрондық абоненттік пошта жәшіктегінің бірыңғай жүйесінің жұмыс істеуі және электрондық абоненттік пошта жәшіктегінің бірыңғай жүйесінде пошта операторларының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларды авторландыру қагидаларын бекіту;
- 76) абоненттік пошта жәшіктегін орналастыру, күтіп-ұстасу және олардың техникалық сипаттамалары жөніндегі талаптарды бекіту;
- 77) пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің сапа көрсеткіштерін бекіту;
- 78) пошта операторларының қызметтер көрсетуіне қажетті және жеткілікті, пошта операторларының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың дербес деректерінің бірыңғай тізбесін бекіту;
- 79) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 80) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 81) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 82) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 83) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 84) пошта төлемінің мемлекеттік белгілеріне қойылатын талаптарды Дүниежүзілік пошта одагының актілеріне сәйкес айқындау;
- 85) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 86) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 87) телекоммуникацияның әмбебап көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді қайта тенгерімдеу жоспарын бекіту;
- 88) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 88-1) Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары болыш табылатын куәландырушы орталықтарды аккредиттеу;
- 89) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 04.06.2018 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 90) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.07.2017 № 457 қаулысымен;
- 91) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.07.2017 № 457 қаулысымен;
- 92) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.07.2017 № 457 қаулысымен;
- 93) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 04.06.2018 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 94) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 04.06.2018 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 95) байланыс қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеу әдістемелерін бекіту;
- 96) телекоммуникациялар желілерінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасасу қагидаларын бекіту;
- 97) ұялы байланыс желілерінде абоненттік нөмірді көшіру қагидаларын және ұялы байланыс желілерінде абоненттік нөмірді көшіру қызметтерін енгізу күнін бекіту;
- 98) кабілдік көрізді пайдалануға беру қагидаларын бекіту;
- 98-1) ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын тіркеу қагидаларын бекіту;

- 99) ез күзыреті шегінде табиғи монополиялар саласындағы және реттелетін нарықтардагы телекоммуникациялар мен пошта байланысының қызметтері аясындағы реттеу мен бақылау саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді, оның ішінде табиғи монополиялар субъектілерінің кірістерді, шығындарды және қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алуды жүргізу қағидаларын, қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына келетін пайда мелшерлемесін есептеу жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу және қабылдау;
- 100) Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруыш орталығының, мемлекеттік органдардың куәландыруыш орталығының және Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыруыш орталығының тіркеу күзілктерін беру, сактау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын раставу қағидаларын бекіту;
- 101) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапының электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын раставу қағидаларын бекіту;
- 101-1) Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруыш орталығының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландыруыш орталығының, Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыруыш орталығының және Қазақстан Республикасы сенім білдірілген үшінші тарапының қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;
- 102) Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруыш орталығын, мемлекеттік органдардың куәландыруыш орталығын, Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыруыш орталығын және Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапын қоспағанда, куәландыруыш орталықтың тіркеу күзілктерін беру, сактау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын раставу қағидаларын бекіту;
- 103) обектілік сәйкестендіргіштердің қазақстандық сегментіндегі обьектілік сәйкестендіргіштерді тіркеу, қайта тіркеу және олардың күшін жою қағидаларын бекіту;
- 104) Кесіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп тексеру парактарын, тәуекелдерді бағалау өлшемшарттарын бекіту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кесіпкерлік Кодексіне сәйкес жартылдық тексеру жоспарларын бекіту;
- 105) шет мемлекеттердің куәландыруыш орталықтарының, сенім білдірілген үшінші тараптарының Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тараптымен өзара іс-қимылын тіркеу және тоқтату қағидаларын бекіту;
- 106) электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын тексеру қағидаларын бекіту;
- 107) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін күруға, дамытуға және қолдана отыруға арналған шығындарды есептеу әдістемесі мен олардың нормативтерін бекіту;
- 108) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ақпараттық жүйелердің аудитін жүргізу қағидаларын бекіту;
- 109) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 04.06.2018 № 320 (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 110) архивтерді және құжаттаманы басқару жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша архивтік құжаттарды электрондық нысанға аудару үшін ақпараттық жүйелерді айқындау;
- 111) мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі ақпараттық жүйесінің ақпараттық жүйелермен ақпараттық өзара іс-қимылы қағидаларын бекіту;
- 112) куәландыруыш орталықтың үлгілік ережесін бекіту;
- 113) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.
- 114) сарапшылық қеңестің курамын және оның қызметі туралы ережені бекіту;
- 115) ақпараттандырудың сервистік моделін іске асыру қағидаларын бекіту;
- 116) операторға бекітіп берілетін мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы обьектілерінің тізбесін бекіту;
- 117) операторға бекітіп берілетін мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы обьектілерінің тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту;
- 118) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша "электрондық үкіметтің" архитектурасын дамыту жөніндегі талаптарды бекіту;

- 119) ақпараттандыру объектілерін сыйныштау қағидаларын және ақпараттандыру объектілерінің сыйныштауышын бекіту;
- 120) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларын бекіту;
- 120-1) "электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзінің жұмыс істеу қағидаларын және оған қойылатын техникалық талаптарды бекіту;
- 121) Қазақстан Республикасының ұлттық шлюзі арқылы мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-күмілді жузеге асыратын ақпараттық жүйелер мен электрондық ақпараттық ресурстардың тізбесін бекіту;
- 122) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпараттық толықтыру қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту;
- 123) алыш тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.
- 124) мемлекеттік органдардың архитектураларын әзірлеу, іске асырылуын қолдан отыру және дамыту қағидаларын бекіту;
- 125) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша "электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасын бекіту;
- 126) инвестициялық ұсыныстарға, бюджеттік инвестициялардың техникалық-экономикалық негізdemелеріне және қаржылық-экономикалық негізdemелеріне ақпараттандыру саласындағы сараптаманы жүргізу қағидаларын бекіту;
- 127) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға арналған шығыстардың есеп-кисабын жасау, ұсыну және қарau жөніндегі нұсқаулықты бекіту;
- 128) бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдар үшін ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтердің құнын есептеу әдістемесін бекіту;
- 128-1) қызметтер көрсету мен олардың құнын айқындау тәртібін қоса алғанда, "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркі қызметінің қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 128-2) "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркінің қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;
- 128-3) халықтың көші-коны мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша халықтың көші-коны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне ұсынылатын "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркі тартқан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын, олардың кұрамы мен мерзімділігін бекіту;
- 129) мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану жөніндегі қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 129-1) электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды жүргізу;
- 130) алыш тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.
- 131) мемлекеттік органдар ашық деректердің интернет-порталына орналастыратын электрондық ақпараттық ресурстарды ашық деректерге жатқызу өлшемшарттарын, сондай-ақ оларды беру тәртібі мен форматын бекіту;
- 132) ақпараттық-коммуникациялық қызметтердің каталогын бекіту;
- 133) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін тіркеу, "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді есепке алу және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің техникалық құжаттамасының электрондық көшірмелерін орналастыру қағидаларын бекіту;
- 134) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде) және лицензиялық бағдарламалық қамтылымының баптау кешенін есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту;
- 135) алыш тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.
- 136) "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторы әзірлеген ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметті жобалауға арналған тапсырманы бекіту;
- 136-1) ақпараттандырудың сервистік моделі жөніндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуына мониторингті, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру кезеңінде міндеттемелердің орындалуына мониторингті жүзеге асыру;

136-2) акпараттандырудың сервистік моделі жөніндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қоспағанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасына, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздер кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бизнес-жоспарға салалық қорытынды беру;

137) мемлекеттік органдардың акпараттық жүйелерін және сервистік бағдарламалық өнімдерді құру немесе дамыту кезінде стандартты шешімдер ретінде көп рет пайдалануға жататын акпараттық жүйелердің (немесе олардың бөліктерінің) тізбесін бекіту;

137-1) сервистік интегратор қалыптастырған акпараттандырудың сервистік моделі жөніндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін келісуді жузеге асыру;

138) Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындастырылған құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың акпарат алмасу жүйесін пайдалану қағидаларын келісү;

139) жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдар басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеотініш арқылы жүгіну тәртібін айқындау;

140) Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлік объектілерін адрестеу қағидаларын Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлік объектілерін адрестеу қағидаларын сәулет, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілдті органмен бірлесіп әзірлеу және бекіту;

141) акпараттық жүйелерді құруға және дамытуға бағытталған немесе оларды көздейтін есептілікті ұсыну тәртібі мен мерзімдерін және нысандарын, сондай-ақ байланысты гранттарды пайдалану барысы мен нәтижелері туралы ұсынылатын акпаратқа қойылатын талаптарды айқындау;

142) акпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілдті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдардың акпараттық жүйелерін құруға немесе дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды жасау және қараша қағидаларын бекіту;

143) акпараттандыру саласындағы инвестициялар тарту жүйесін және инвестициялық жобаларды әзірлеу мен іске асыруды ынталандыру тетіктерін жетілдіру жөніндегі қызметті жузеге асыру;

144) акпараттандыру саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының тұжырымдамасына салалық қорытынды беру;

145) акпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамыту үшін жағдайлар жасау;

146) Қазақстан Республикасының акпараттандыру саласындағы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

147) мемлекеттік органдардың архитектураларын әзірлеуді үйлестіруді жузеге асыру;

148) мемлекеттік органдардың архитектураларын іске асырудың мониторингін жузеге асыру;

149) акпараттандыру саласындағы инвестиациялық ұсыныстарға, бюджеттік инвестициялардың техникалық-экономикалық негізdemelerіne және қаржылық-экономикалық негізdemelerіne қорытындыны беру;

150) акпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілестін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға арналған шығыстардың бюджеттік бағдарламалар әкімшілдері ұсынған есеп-қисаптарын қарайды және сараиштырылған кеңеске қорытынды беру;

151) мемлекеттік заңды тұлғалардың акпараттық жүйелерін және мемлекеттік электрондық акпараттық ресурстарды қалыптастыруға арналған мемлекеттік емес акпараттық жүйелерді құруға немесе дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды келісу;

152) мемлекеттік органдардың акпараттық жүйелерін өнеркәсіптік пайдалануға енгізуге қатысу;

153) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілдті органмен және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілдті органмен келісу бойынша ашық бюджеттер интернет-порталында акпарат орналастыру тәртібін белгілеу;

154) Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігімен келісу бойынша заң жобалары тұжырымдамаларының жобаларын және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру және жария талқылау тәртібін белгілеу;

155) жылжымаған желінің абоненттік құрылғысы арқылы электрондық нысанда мемлекеттік және өзге де көрсетілестін қызметтерді алу үшін, ұялы байланыс операторы беретін абоненттің абоненттік нөмірін тіркеу және оны "электрондық үкіметтің" веб-порталының есептік жазбасына қосу қағидаларын бекіту;

- 156) "электрондық үкіметтің" веб-порталы және жылжымалы желінің абоненттік құрылғысы арқылы көрсетілетін электрондық нысандағы мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтер тізбесін бекіту;
- 157) көрсетілетін қызметті алушыны сәйкестендіру тәсілін айқындау үшін электрондық нысандағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді сыйнштау қағидаларын бекіту;
- 158) жылжымалы желінің абоненттік құрылғысы арқылы алынған, электрондық нысандағы мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету нәтижелерінің міндетті деректемелерін, сондай-ақ олардың анықтығын тексеру тәртібін бекіту;
- 159) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау әдістемесін келісу;
- 160) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы қызметінің қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 161) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілуге тиіс мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді іріктеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 162) жылжымайтын мұлікті мемлекеттік тіркеу мен мемлекеттік техникалық зерттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және қызметті мемлекеттік реттеуді жузеге асыратын уәкілетті органмен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша гимараттарды, құрылыштарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттең-қарау жөніндегі қызметті жузеге асыру кезінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) еткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеу;
- 163) монополияға қарсы органмен және жылжымалы мұлік кепілін тіркеу органдарымен (тіркеуші органдар) келісу бойынша міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мұлік кепілін тіркеу, жылжымалы мұлік кепілінің тізілімінен үзінді көшірме беру түрінде ақпараттық қызмет көрсету, өтініш берушінің кінәсінен жіберілген тіркеу құжаттарындағы қателерді түзету жөніндегі қызметті жузеге асыру кезінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) еткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеу;
- 164) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер кадастрын жүргізу жөніндегі қызметті жузеге асыру кезінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) еткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеу;
- 165) қаржы нарығы мен қаржы үйімдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жузеге асыратын мемлекеттік органмен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру саласында "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) еткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеу;
- 166) қаржы нарығы мен қаржы үйімдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жузеге асыратын мемлекеттік органмен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша зейнетақымен қамсыздандыру саласында "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) еткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеу;
- 167) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау интернет-порталында ақпарат орналастыру тәртібін белгілеу;
- 168) жылжымайтын мұлікке құқықтарды тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен және жергілікті атқарушы органмен келісу бойынша елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін (К айм.) белгілеу;
- 169) аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 170) салық органдарына жеке тұлғалардың салық салу объектілерінің – тұрғынжайлардың және саяхай құрылыштарының (оның ішінде жаңадан тұрғызылған); тұрғынжайдың салықын жапсаржайынын, шаруашылық (қызметтік) құрылышының, іргекабатының, жертөлесінің, гараждың күнын айқындауға негіз болатын мәліметтерді ұсыну;
- 171) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы көрсететін қызметтерге баға белгілеу тәртібін айқындау;
- 172) балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау мен төлеу жөніндегі ақпараттық жүйелдердегі мәліметтерді сәйкес келтіру тәртібін және мерзімдерді айқындау;

- 173) онтайландыруға және автоматтандыруға жататын мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізбесін және оларды электрондық нысанға ауыстыру мерзімдерін әзірлеу және бекіту;
- 174) бірыңғай байланыс-орталығы қызметінің қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 175) бірыңғай байланыс-орталығының орталық мемлекеттік органдармен, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерімен, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қымыл жасау қағидаларын бекіту;
- 176) автоматтандырылуға жататын және жатпайтын рұқсаттар тізбесін бекіту туралы рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен бірлескен бүйректі бекіту;
- 177) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 178) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді онтайландыру және автоматтандыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 179) бір өтініш негізінде электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесін әзірлеу және бекіту;
- 180) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің электрондық нысанда көзделген және (немесе) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобаларын келісуді жүзеге асыру;
- 181) электрондық нысанда көзделген және (немесе) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 182) қызмет көрсетушінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет сатысы туралы деректерді мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізу тәртібін бекіту;
- 183) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу қағидаларын рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен әзірлеу, бекіту және кепісі;
- 184) алып тасталды – КР Үкіметінің 04.06.2018 № 320 (алғашы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 185) "электрондық үкіметтің" архитектуралық порталында мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін тіркеуді, "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру обьектілері туралы мәліметтерді есепке алуды және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру обьектілерінің техникалық күжаттамасының электрондық көшірмелерін орналастыруды үйымдастыру;
- 186) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызметін үйымдастыруды және бақылауды жүзеге асыру;
- 187) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызметін және олардың қызмет көрсетушілермен өзара іс-қымылын үйлестіру;
- 188) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызметін әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- 189) бірыңғай байланыс орталығының жұмысын үйымдастыру және үйлестіру;
- 190) электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасын бағалауды жүргізу;
- 190-1) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу;
- 190-2) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізілімін әзірлеу мен жүргізу ділінде жүзеге асыру;
- 190-3) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттерін әзірлеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 190-4) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобаларын келісуді жүзеге асыру;
- 190-5) орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары және (немесе) регламенттерін әзірлеу жөніндегі қызметінің мониторингін жүргізу;
- 190-6) мемлекеттік көрсетілетін қызметтің күнын айқындауда әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 190-7) орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар,

аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтер әкімдерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметінің есебін қалыптастыру тәртібін, ұсыну мерзімі мен үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

190-8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

190-9) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тіzlімін жүргізу қағидаларын бекіту;

191) Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз ету;

192) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз ету;

193) Қазақстан Республикасының атынан жасалатын Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;

194) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және еткізу бойынша ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық етуді жүзеге асыру;

195) Қазақстан Республикасының зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде және өзге нормативтік құқықтық актілерде көзделген өкілдіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 16-тармакқа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704; 24.11.2016 № 724 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.05.2017 № 237 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-т. қараныз); 27.07.2017 № 457; 25.11.2017 № 773 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 23.02.2018 № 79; 04.06.2018 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 16.10.2018 № 641 ("Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы" ҚР Заны қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

## 17. Ведомстволардың функциялары:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

2) өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

3) ұлттық қауіпсіздік саласындағы зандар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

4) өз құзыреті шегінде техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттарды әзірлеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

5) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қараша және әкімшілік жаза қолдану;

6) біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірлеу;

7) Қазақстан Республикасының Қесіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, сондай-ақ жартышылдық тексеру жүргізу жоспарларын әзірлеу;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялануға жататын қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асыру;

9) респубикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі үекілді органның функцияларын жүзеге асыру;

10) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің қоспағанда, ведомствоның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша және Министрдің бүйректарында оларды бекіту бойынша тіkelей құзыреті болған кезде нормативтік құқықтық актілерді келісу, әзірлеу және бекіту;

11) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерін әзірлеу;

12) соттарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап-арыздар беру;

13) Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы және бұқаралық ақпарат қуралдарына заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

- 14) мерзімді баспасөз басылымдарын, ақпараттық агенттіктерді және желілік басылымдарды есепке қоюды, қайта есепке алууды жүзеге асыру;
- 15) Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алуудың бірыңғай тізілімін жүргізу;
- 16) белгіленген тәртіпшен республикалық деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және оның жүзеге асырылуын бақылау;
- 17) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасы сақталуының орындалуы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 18) мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастыру;
- 19) бұқаралық ақпарат құралдары және телерадио хабар тарату мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру;
- 20) өз күзыretі шегінде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру;
- 21) жастар ұйымдарымен бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 22) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру;
- 23) цифровық эфирлік хабар таратуды енгізу бөлігінде телерадио хабарларын таратушы ұлттық оператордың қызметін үйлестіру;
- 24) отандық теле-, радиоарналарды есепке қоюды, қайта есепке қоюды жүзеге асыру;
- 25) есепке қойылған мерзімді баспасөз басылымдарының, ақпараттық агенттіктер мен желілік басылымдардың тізілімдерін жүргізу;
- 26) есепке қою үшін өтініштер берген шетелдік теле-, радиоарналардың өнімін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келу түрғысынан сараптауды жүзеге асыру;
- 27) эротикалық сипаттағы материалдарды орналастыратын мерзімді баспасөз басылымдарын немесе интернет-ресурстарды тарататын субъектлердің тізілімін жүргізу;
- 28) Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алууды жүзеге асыру;
- 29) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 29-1) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған кезде үйгартылады;
- 30) бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін жүзеге асыру;
- 31) Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік теле-, радиоарналарды есепке қоюды, қайта есепке қоюды жүзеге асыру;
- 31-1) "Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заны талаптарының сақталуы түрғысынан бұқаралық ақпарат құралдарының өніміне мониторингті жүзеге асыру;
- 31-2) бұқаралық ақпарат құралдарында балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 32) телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық параметрлерінің және ұлттық телерадио хабарларын тарату стандарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 33) "Телерадио хабарларын тарату туралы" Қазақстан Республикасы Занының 31-бабында көзделген талаптарды сақтау бөлігінде Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;
- 33-1) Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының талаптарын бұзушылық анықталған кезде үйгартылады;
- 34) радиожиілік спектрін тиімді пайдалану;

- 35) Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін және байланыс инфрақұрылымын қалыптастыруды, дамытуды және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, сондай-ақ ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру;
- 35-1) радиоәуескөйлік қызметтердің радиоэлектрондық құралдары мен жоғары жиілікті құрылғыларын қоса алғанда, радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдаланудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаларды қабылдау;
- 36) Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылар үшін радиожиілік спектрін пайдалануга рұқсаттар беру;
- 37) радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар белгіленген стандарттар мен техникалық нормаларға сәйкес келмеген, азаматтардың қауіпсіздігіне, қоршаган ортага қауіп төндірген жағдайда, сондай-ақ аса маңызды жұмыстар мен іс-шараларды орындаған кезде оларды пайдалануды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтата тұру;
- 38) радиоэлектрондық құралдарға, оның ішінде халықаралық үйымдар мен шет мемлекеттердің халықаралық шарттарға сәйкес жұмыс істейтін радиоэлектрондық құралдарына радиобөгеуілдерді жою жөніндегі іс-шараларды үйімдастыру;
- 39) азаматтық мақсаттағы иелікке берілген радиожиіліктер белдеулерінің электрондық дерекқорын жүргізу;
- 40) нөмірлеудің белгіленген және резервтік ресурстарының тізілімін жүргізу;
- 40-1) жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) иелікке беруді жүзеге асыру;
- 41) Қазақстан Республикасындағы электромагниттік жағдайды көрсететін радиожиілік спектрінің Республикалық дерекқорын жүргізу;
- 42) импорттан өзгеше жағдайларда, азаматтық мақсаттағы, оның ішінде басқа тауарлардың құрамына кіріктірілген не кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына экелуге қорытындылар беру;
- 42-1) азаматтық мақсаттағы, оның ішінде орнатылған не басқа тауарлардың құрамына кіретін радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың импорттына лицензиялар беру;
- 43) ұлттық ресурстардың және байланыс операторларының тізілімін жүргізу;
- 44) азаматтық пайдаланушыларға жиіліктер белдеуін, радиожиілікті (радиожиілік арнасын) белу, иелікке беру (тағайындау), шақыру сигналын иелікке беруді қоса алғанда, кеме станциясына рұқсаттар беру;
- 45) арнаулы мақсаттағы телекоммуникация желілерінің объектілерін қоспағанда, байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын және радиожиілік спектрін пайдаланатын шаруашылық жүргізуши субъектілердің байланыс объектілеріне белгіленген тәртіппен тексеру жүргізу үшін қызметтік күелікті көрсету арқылы кіруі;
- 46) радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдаланудың басталғаны туралы хабарлама болмаған және (немесе) техникалық сипаттамалары белгіленген нормаларға сәйкес келмеген жағдайда, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды өшіру;
- 47) белгінетін жиілік белдеулерінің, радиожиіліктердің (радиожиілік арналарын) техникалық саласындағы жұмыстарды үйімдастыру;
- 48) радиобакылауды жүзеге асыру және байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың радиожиілік спектрін пайдалануына және байланыс операторларының байланыс саласында қызмет көрсетуді жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын біліктілік талаптарын және байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын сақтауына тексеру жүргізу;
- 49) байланыс саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының бұзылған анықталған кезде нұсқамалар жіберу;
- 50) байланыс саласындағы ұлттық ресурстарды тарату және пайдалану, сондай-ақ өз құзыреті шегінде байланыс саласында техникалық реттеу және метрология аясында қатысу және оның іске асырылуын қамтамасыз ету;
- 51) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.09.2018 № 549 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін колданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 52) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.07.2017 № 457 қаулысымен.;
- 53) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.07.2017 № 457 қаулысымен.

- 54) байланыс операторлары көрсететін байланыс қызметтерінің сапасын бақылауды жүзеге асыру;
- 54-1) Халықаралық электр байланыс одағының радиобайланыс регламентіне сәйкес радиожиіліктерді халықаралық үйлестіру жөніндегі іс-шараларды орындау;
- 54-2) қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы телекоммуникацияларының жөлілеріне қойылатын талаптарды бекіту;
- 54-3) бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік "112" қызметіне қонырау шалушы абоненттің орналасқан жерін анықтау және әлеуметтік, табиги және техногендік сипаттагы төтенші жағдайлар қатері төнген немесе қатер туындаған және жойылған, төтенші жағдай енгізілген кезде, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібі мүддесінде халықтың үялды байланыс телефондарына қысқа мәтіндік хабарлар жіберу жөнінде байланыс операторларының жөлілерін пайдалану тәртібін белгілеу;
- 54-4) Қазақстан Республикасының байланысын дамыту мен жетілдірудің негізгі бағыттары мен басымдықтарын іске асыру, оның сапасын, қолжетімділігін және жұмыс істеуінің орнықтылығын арттыру және ұсыныстар езірлеуді үйлемдастыру;
- 54-5) байланыс қызметтері нарығының жұмыс істеуі үшін өз құзыреті шегінде жағдайлар жасау;
- 54-6) субсидиялау мөлшерін есептеуді және уәкілетті органның байланыс операторларына әмбебап қызметтер көрсету жөніндегі міндетті жүктеу тәртібін қоса алғанда, әмбебап қызмет көрсету операторларын айқындау жөніндегі конкурсты өткізу қағидаларын, байланыс операторларына қойылатын байланыстың әмбебап қызметтерін көрсету жөніндегі талаптарды және байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтерінің тізбесін езірлеу;
- 54-7) байланыс саласындағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтың актілерді ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп байланыс операторларының байланыс саласындағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;
- 55) азаматтық мақсаттағы радиожиілік спектрі, радиоэлектрондық құралдар және (немесе) жоғары жиілікті құрылыштар мониторингін жүргізу;
- 55-1) радиожиілік спектрін пайдалануды реттеу;
- 56) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.07.2017 № 457 қаулысымен.
- 57) байланыс саласындағы табиги монополия аясындағы көрсетілетін қызметтерге тарифтерді, сондай-ақ байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектілері өндіретін және өткіzetтін көрсетілетін қызметтерге бағаларды реттеу;
- 58) ауылдық елді мекендерде көрсетілетін, субсидияланатын байланыстың әмбебап қызметтеріне бағалардың шекітін деңгейін реттеу;
- 59) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының мұқтаждықтары үшін техникалық құралдарды орналастыруға қажетті байланыс жөлілері мен арналарын, кабельдік көріздердегі арналар мен алаңдарды беру бағаларын (тарифтерін) реттеу;
- 59-1) телекоммуникация жөлілерінде балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 60) Ұлттық пошта операторының пошта байланысы қызметтерін жүзеге асыруы кезінде оның Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асыру;
- 61) пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 62) телекоммуникация және пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері саласындағы табиги монополия саласында және реттелетін нарықтарда реттеуді және бақылауды жүзеге асыру;
- 63) мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткіzetтін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісу бойынша белгілеу;
- 64) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес телекоммуникация және пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері нарығында басым (монополиялық) жағдайдағы нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаларды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

- 65) телекоммуникация және пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері саласындағы нарық субъектілерінің тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) және инфрақұрылымға кемсітүшіліксіз қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында тауар нарықтарына талдау жүргізу;
- 66) телекоммуникация және пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемелерін немесе олардың шекті деңгейлерін, сондай-ақ реттелетін нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаларды есептеу әдістемелерін бекіту;
- 67) телекоммуникация және пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтік сметаларды, тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін, тарифтерге (бағаларға, алым мөлшерлемелеріне) уақытша төмендегету коэффициентін бекіту тәртібін айқындау;
- 68) телекоммуникация және пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне уақытша өтемдік тарифті бекіту, тарифтік сметалардың, тарифтердің (бағалардың, алымның мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің жобаларын ұсыну тәртібін айқындау;
- 68-1) пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін қоспағанда, пошта операторының пошта төлемі белгілерін келісу, оны пайдалану тәртібін және пошта операторының пошта төлемі белгілеріне қойылатын талаптарды айқындау;
- 68-2) пошта төлемі белгілерінің мемлекеттік коллекциясын қалыптастыру;
- 68-3) пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін айналымға енгізуі жүзеге асыру;
- 68-4) пошта саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 68-5) Қазақстан Республикасының аумағында пошта саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыру;
- 68-6) филателиялық өнім ретінде пайдалану мақсатында пошта төлемінің мемлекеттік белгісін пошта айналымынан алуды жүзеге асыру;
- 68-7) телекоммуникациялар және пошта байланысы секторында бекітілген байланыстың көрсетілетін қызметтерінің ен аз тізбесін әзірлеу;
- 68-8) Ұлттық пошта операторының ұсынысы бойынша пошта төлемінің мемлекеттік белгілерінің түрлері мен шыгарылу көлемін бекіту;
- 69) ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 70) әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттагы төтенше жағдай қатері төнген немесе туындаған, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырын тізбе бойынша, үкіметтік байланысты, шұғыл қызметтердің байланыс желілері мен құралдарын қоспағанда, байланыс желілері мен құралдарын басымдықпен пайдалануға, сондай-ақ олардың қызметтің тоқтата тұруға құқығы бар мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасай отырыш, байланыс желілерін басқару;
- 71) мемлекеттік құпияны қорғау саласындағы заңнаманы сақтай отырыш, ұлттық қауіпсіздіктің жай-куйі және оны қамтамасыз ету бойынша қабылданатын шаралар туралы халықты хабардар ету, насихаттау және қарсы насихаттау қызметін жүргізу;
- 72) іс-әрекеттері (немесе әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделерінің бұзылуына, ұлттық қауіпсіздігіне қауіп тәнуіне әкеп соғатын лауазымды адамдарды, мемлекеттік қызметшілерді тиісті жауаптылықта тарту;
- 73) электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба мәселелері жөнінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарға практикалық және әдістемелік кемек көрсету;
- 74) электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласында Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасын сақтау түрғысынан мемлекеттік бакылауды жүзеге асыру;
- 74-1) Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарын бұзушылық анықталған кезде үйіралғы беру;
- 75) алыш тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.
- 76) алыш тасталды - ҚР Үкіметінің 27.07.2017 № 457 қаулысымен;
- 77) алыш тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

- 78) алыш тасталды - КР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.
- 79) алыш тасталды – КР Үкіметінің 04.06.2018 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 80) алыш тасталды – КР Үкіметінің 04.06.2018 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 80-1) мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану жөніндегі қызметінің тиімділігін бағалау;
- 81) алыш тасталды - КР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.
- 82) Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мұлік объектілерін адрестеу қағидаларын сөзүет, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілді органмен бірлесіп әзірлеу;
- 83) алыш тасталды - КР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.
- 84) электрондық ақпараттық ресурстарды алу, көшірмесін түсіру, тарату, түрлендіру, жою немесе бұғаттау бойынша құқыққа сыйымсыз әрекеттерді болдырмауды қоса алғанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қауіпсіз пайдалану мәселелерінде ақпараттандыру объектілерінің мешіткі иелеріне, иеленушілері мен пайдаланушыларына жәрдемдесу;
- 85) ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 85-1) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған кезде ұйғарымдар беру;
- 86) алыш тасталды - КР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.
- 87) ақпараттандыру саласындағы стандарттау және сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарға қатысу;
- 88) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде) және лицензиялық бағдарламалық қамтылымының баптау кешенін есепке алуды және сактауды ұйымдастыру;
- 88-1) радиоэлектрондық құралдарды, жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу қағидаларын және байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын әзірлеу;
- 88-2) алыш тасталды – КР Үкіметінің 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 88-3) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рұқсаттарды беру;
- 89) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде және өзге нормативтік құқықтық актілерде көзделген өзге де өкілдіктерді жүзеге асыру.
- Ескеरту. 17-тармакқа өзгерістер енгізілді - КР Үкіметінің 15.11.2016 № 704; 02.05.2017 № 237; 27.07.2017 № 457; 25.11.2017 № 773 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.06.2018 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 16.10.2018 № 641 ("Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы" КР Заңы қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.
18. Құқықтары мен міндеттері:
- 1) өз құзыреті шегінде орындауга міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;
  - 2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратады және алады;
  - 3) Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне Министрлік реттейтін салалардағы қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;
  - 4) сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу жөніндегі органды тексеру нәтижелері бойынша оны мәртебесінен айыру туралы ұсыныспен Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүгінеді;
  - 5) өз құзыреті шегінде бәсекелестіктің дамуына жәрдемдесуге және бәсекелестікке теріс ықпал етегін әрекеттерді жасамауға міндетті;
  - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

### **3. Министрліктің қызметін ұйымдастыру**

19. Министрлікке басшылық етуді Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруда дербес жауапты болатын Министр жүзеге асырады.

20. Министрді Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындалды және Қазақстан Республикасының Президенті қызметтен босатады.

Ескерту. 20-тармак жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 08.06.2017 № 350 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң колданыска енгізіледі).

21. Министрдің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары (вице-министрлері) болады.

### **22. Министрдің өкілеттіктері:**

1) реттелетін саладағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

2) өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындаиды;

3) вице-министрлердің біріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшылығына және Премьер-Министр Кенесінің Басшысына жіберілтін құжаттарға қол қою бойынша өкілеттіктерді жүктейді;

4) жауапты хатшымен келісім бойынша ведомстволар басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындалды және қызметтен босатады;

5) ведомстволар актілерінің қолданылуын толық немесе ішінара тоқтатады немесе тоқтата тұралы;

6) Министрлік Қазақстан Республикасының Парламентінде, мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда білдіреді;

7) Министрліктің жұмыс регламентін бекітеді;

8) Министрлікке келісуге келіп тускен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келіседі және бұрыштама қол қояды;

9) Министрлікке сыйайлас жемқорлыққа қарсы құрес бойынша шаралар қабылдайды және оған дербес жауапты болады;

10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Министр болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

23. Министр өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

24. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын жауапты хатшы басқарады.

### **4. Министрліктің мүлкі**

25. Министрліктің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Министрліктің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

27. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Министрліктің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

### **5. Министрліктің қайта ұйымдастыру және тарату**

28. Министрліктің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - КР Үкіметінің 20.12.2016 № 826; 27.07.2017 № 457; 23.02.2018 № 78 қаулысымен.

## **Респубикалық мемлекеттік мекеме**

1) "Орталық коммуникациялар қызметі" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

### **Респубикалық мемлекеттік кәсіпорындар**

1) алғы тасталды - КР Үкіметінің 27.07.2017 № 457 қаулысымен.

1-1) Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "Мемлекеттік радиожиілік қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны;

2) Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "Талдау және ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны.

### **Акционерлік қоғамдар**

1) "Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдингі" акционерлік қоғамы;

2) "Хабар" агенттігі" акционерлік қоғамы;

3) "Қазақстан" респубикалық телерадиокорпорациясы" акционерлік қоғамы;

4) "Егемен Қазақстан" респубикалық газеті" акционерлік қоғамы;

5) "Казахстанская правда" респубикалық газеті" акционерлік қоғамы;

6) "Қазконтент" акционерлік қоғамы;

7) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

### **Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер**

1) "Қазмедиа орталығы" басқарушы компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

2) "Жас өркен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

3) "Қазақ газеттері" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

4) "Жалын" журналы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

5) "Қазақпарат" халықаралық ақпарат агенттігі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Министрлік Телекоммуникациялар комитетінің қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесі**

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 03.09.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін колданыска енгізіледі) қаулысымен.

1. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

2. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

3. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Манғыстау, Атырау облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

4. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Шымкент қаласы және Жамбыл, Туркістан, Қызылорда облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

5. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

6. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Астана қаласы және Ақмола, Қарағанды облыстары бойынша өніраалық байланыс инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

**Қазақстан Республикасы**

**Үкіметінің**

**2016 жылғы 16 маусымдағы**

**№ 353 қаулысымен**

**бекітілген**

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясының арасындағы бұдан арғы ынтымақтастық туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 сәуірдегі № 306 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., № 11, 84-қожат):

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясының жұмысын үйлестіру жөніндегі уәкілдепті орган болып белгіленсін.

2. Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясының 1997 жылғы 5 қыркүйектегі жарғысына сәйкес Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясының Мемлекетаралық үйлестіру кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінің төрағасы енгізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министрі Қазақстан Республикасының Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясының жалпы жиналышындағы өкілетті өкілі болып бекітілсін.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне жүктелсін."

2. "Респубикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік ұлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін респубикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысадын мемлекеттік ұлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігіне" деген бөлімде реттік нөмірі 336-1-жол алғып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті" деген бөлім алғып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне:

364. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

365. "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" акционерлік қоғамы.

366. "Хабар" агенттігі" акционерлік қоғамы.

367. "Қазақстан" респубикалық телерадиокорпорациясы" акционерлік қоғамы.

368. "Егемен Қазақстан" республикалық газеті" акционерлік қоғамы.
369. "Казахстанская правда" республикалық газеті" акционерлік қоғамы.
- 370 "Қазконтент" акционерлік қоғамы.
371. "Қазмедиа орталығы" басқарушы компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
372. "Жас өркен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
373. "Қазақ газеттері" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
374. "Жалын" журналы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.".

3. "Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қазандағы № 1501 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2000 ж., № 42, 485-құжат):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында бірынғай ақпараттық кеңістікті дамыту және "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 сәуірдегі № 492 қаулысына сәйкес және ақпараттандыру саласында бірынғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әкімшілердің мемлекеттік органдарды ақпараттандыру жөніндегі бюджеттік бағдарламаларды іске асыруы, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен ақпараттық жүйелердің аппараттық және бағдарламалық қамтылымын өзге түрде сатып алуы кезінде осындай сатып алудың міндетті шарты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен келісу болып табылады деп белгіленсін.".

4. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 433 қаулысымен.

5. "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

5-бөлімде:

мына:

"

5	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы	2762
---	---	------

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

5	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі, оның аумақтық органдарының және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	2553
---	---	------

"

мынадай мазмұндағы 12-бөліммен толықтырылсын:

"

12	Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, оның аумақтық органдарының және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	252
1)	"Орталық коммуникациялар қызметі" РММ	33

".

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.10.2020 № 714 қаулысымен.

7. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 434 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 936 қаулысымен.

9. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.11.2016 № 724 (16.06.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. "Байланыс саласында қызметтер көрсету бойынша қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарды және байланыс саласындағы екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 543 қаулысында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті:".

11. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.08.2023 № 705 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 қантардағы № 39 қаулысында:

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын беруді;".

13. "Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланатын интернет-ресурстар мен ақпараттық жүйелердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 наурыздағы № 137 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2016 ж., № 19, 95-күжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланатын интернет-ресурстар мен ақпараттық жүйелердің тізбесінде:

реттік нөмірі 19-жол мынадай редакцияда жазылсын

"

19.	"Халыққа қызмет көрсетеу орталықтарының ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі"	жеке және занды тұлғалар халыққа қызмет көрсетеу орталықтарында алған қызметтер туралы	Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
-----	---	--	---

14. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 24.07.2018 № 460 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы 16 маусымдағы  
№ 353 қаулысына  
1-косымша

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің қайта аталатын аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің Астана қаласы және Ақмола облысы бойынша Байланыс және ақпараттандыру инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бүқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінің Астана қаласы және Ақмола облысы бойынша байланыс және ақпараттандыру инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесіне.

2. "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша Байланыс және ақпараттандыру инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің





ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша байланыс және ақпараттандыру инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесіне.

14. "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Байланыс және ақпараттандыру инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша байланыс және ақпараттандыру инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесіне.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы 16 маусымдағы  
№ 353 қаулысына  
2-қосымша

### **Қайта аталатын республикалық заңды тұлғалар тізбесі**

1. Қазақстан Республикасының Президенті жаңындағы "Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесіне.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің "Мемлекеттік техникалық қызмет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "Мемлекеттік техникалық қызмет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің "Талдау және ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "Талдау және ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы 16 маусымдағы  
№ 353 қаулысына  
3-қосымша

Мемлекеттік акциялар пакетіне (қатысу үлесіне) иелік ету және оны пайдалану құқығы Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне берілетін заңды тұлғалардың тізбесі

- 1) "Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдингі" акционерлік қоғамы;
- 2) "Хабар" агенттігі" акционерлік қоғамы;

- 3) "Қазақстан" республикалық телерадиокорпорациясы" акционерлік қоғамы;
- 4) "Егемен Қазақстан" республикалық газеті" акционерлік қоғамы;
- 5) "Казахстанская правда" республикалық газеті" акционерлік қоғамы;
- 6) "Қазконтент" акционерлік қоғамы;
- 7) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 1) "Қазмедиа орталығы" басқарушы компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 2) "Жас өркен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 3) "Қазақ газеттері" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 4) "Жалын" журналы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК